

«Бекітемін»
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым вице-министрі
А. К. Аймагамбетов
2014 жылғы «30» ғар袒а

**Математика, физика және информатика пәндерінің мұғалімдері мен
олимпиадалық резерв тренерлерінің ашық респубикалық
шығармашылық конкурсының ережесі**

1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже меншік нысанына қарамастан орта білім беру үйымдарының барлық түрлерінің математика, физика және информатика пәндерінің мұғалімдері мен олимпиадалық резерв, білім беру орталықтарының тренерлерінің (бұдан әрі – тренерлер) ашық респубикалық шығармашылық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) үйымдастыру және өткізу тәртібін, оны әдістемелік-үйымдастыруын қамтамасыз ету, байқауға қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқау жыл сайын «Респубикалық физика-математика мектебі» (бұдан әрі – РФММ) коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «Дарын» Респубикалық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп өткізіледі.

3. Конкурстың негізгі мақсаты дарынды, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, көсіби құзыреттіліктерді онтайлы игергенін көрсете алатын мұғалімдер мен тренерлерді анықтау, оларды қолдау және марапаттау болып табылады.

4. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) мұғалім – негізгі және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын педагогикалық қызметкер;

2) олимпиадалық резервтің тренері (бұдан әрі – тренер) – жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаларға дайындау сабактары арқылы қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын, педагогикалық білімі бар жеке тұлға;

3) лига – Конкурсқа қатысушылар тобы.

2. Конкурстың қатысушылары

5. Конкурс әрбір пән бойынша екі лигада өтеді:

бірінші лига – меншік нысанына қарамастан орта білім беру үйымдарының барлық түрлерінің мұғалімдері;
екінші лига – тренерлер.

6. Бірінші лига тренер болып жұмыс істемейтін мұғалімдер ғана қатыса алады және ол мұғалімдердің алталауқ жүктемесі 18 сағаттан кем болмауы керек.

7. Конкурсқа қатысу ерікті болып табылады. Эрбір қатысушыға жеке код беріледі, ол бойынша қатысушы өзінің нәтижелерін біле алады. Конкурстың тек женімпаздары мен жұлдегерлері жарияланады.

3. Конкурстың кезеңдері мен мазмұны

8. Конкурс Халықаралық Жәтіков олимпиадасын өткізу кезінде РФММ базасында өтеді.

9. Конкурсқа облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларымен, НЗМ ДББҰ мен ұсынылған мұғалімдер мен тренерлер қатысады.

10. Эрбір аймағы үшін квота – әр пәннен 1 мұғалімнен және 1 тренерден (Алматы қаласы үшін квота – 5 адамнан).

11. Конкурс бір турда өтеді.

11.1. Бірінші лиганың (мұғалімдер үшін) турының тапсырмалары екі блоктан тұрады: әдістемелік және практикалық. Практикалық блокта қатысушылар математика, физика және информатика пәндерінің орта мектеп курсындағы бойынша бағдарламалық материалдар бойынша ұсынылған тапсырмаларды шешеді.

11.2. Екінші лиганың (тренерлер үшін) турының тапсырмалары екі блоктан тұрады: әдістемелік және олимпиадалық. Олимпиадалық блокта қатысушылар ұсынылған есептерді шешеді, олардың кейбіреулерінде шешімдердің мүмкіндігінше ең көп санын көрсету керек (әртүрлі идеяларды қолдану, сондай-ақ бір идеяны әртүрлі техникалық жүзеге асыру тәсілдері әртүрлі болып саналады).

11.3. Әдістемелік блоктың тапсырмаларында байқауға қатысушыларға есептердің «дайын шешімдеріндегі» және бағдарламалардың бастапқы кодындағы қателерді табу ұсынылады. Қателер тұжырымдамалардың берілуінде, сондай-ақ олардың дәлелдемелерінде (шешімдерінде) болуы мүмкін, бағдарламалардың бастапқы кодтарында синтаксистік қателер де болуы мүмкін, сондай-ақ белгілі бір кіріс мәліметтерінде кате орындалуы мүмкін. Егер тұжырымдама дұрыс болған жағдайда, дәлелдемеде (шешімде) қателерді көрсету қажет және дұрыс дәлелдемені (шешімді) келтіру керек. Егер тұжырымдама кате болса, оның себебін түсіндіру қажет және келтірілген дәлелдемеде (шешімде) қателерді табу керек. Бастапқы кодтарда синтаксистік қателер болған жағдайда, оларды түзету қажет. Егер бағдарлама жалпы жағдайда кате жұмыс жасаса, онда қатені көрсетіп, мүмкіндігінше оны түзету қажет.

11.4. Екі блоктың тапсырмаларын шешу 4 сағатқа созылады.

4. Конкурсты ұйымдастыру

12. Конкурсты дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылды.

13. Ұйымдастыру комитеті Конкурстың қорытынды кезеңін дайындауды және өткізуді тікелей басқаруды жүзеге асырады, қазылар алқасын бекітеді, Конкурстың қорытындыларын шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

12. Конкурсқа қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне нысан (қосымша) бойынша өтінім және info@fizmat.kz мекен-жайына электронды түрде 2017 жылдың 20 желтоқсанына дейінгі мерзімде ұсынылады.

5. Конкурсты қорытындылау

13. Конкурстың барлық қатысушыларына қатысуы туралы сертификат беріледі.

14. Конкурстың нәтижесінде қазылар алқасы Конкурстың әрбір лигасы үшін жеңімпаздар және жүлдегерлерді анықтайды (әрбір лига үшін бөлек). Ең көп ұпай жинаған қатысушылар байқаудың жеңімпаздары болып саналады.

15. Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады (1:2:3 қатынасында қатысушылар санының 50%-нан аспайды).

Математика, физика және информатика
пәндерінің мұғалімдері мен олимпиадалық
резерв тренерлерінің ашық
республикалық шығармашылық конкурсы
туралы ережесіне қосымша

Математика, физика және информатика пәндерінің
мұғалімдері мен олимпиадалық резерв тренерлерінің
ашық республикалық шығармашылық конкурсына қатысуға өтінім

Қатысушының Т.А.Ә. (Жеке куәлігі, паспорт бойынша)	Ел, Аймақ	Жұмыс орны, лауазымы (пәнді көрсетумен)	2017-2018 оқу жылындағы апталық жүктемесі (мұғалімдер үшін)	Педагогикалық өтілі	Қатысушының байланыс телефондары, e-mail